6D011100 – Информатика мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Жақсылықов Әсет Егнаевичтің «Жоғары оқу орнында студенттердің программалаудан білімін бақылаудың интеллектуалдық моделін жасау және іске асыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшінің

ПІКІРІ

Қазіргі уақытта жасанды интеллект технологияларының білім беру үдерісіне кеңінен енгізілуі студенттердің білімін бақылаудың қалыптасқан тәсілдерін жаңа мүмкіндіктер тұрғысынан қарастыруды қажет етеді. Программалаудан білімді бақылауда студенттің тек соңғы нәтижесін бағалау оның тапсырманы орындау барысын, алгоритмді түсінуін, программалық кодты құру, тестілеу, қателерді анықтау және түзету әрекеттерін толық қамти алмайды. Осыған байланысты студенттің программалау әрекетінің нәтижесі мен оны орындау үдерісін кешенді ескеруге мүмкіндік беретін интеллектуалдық бақылау тәсілдерін зерттеу қажеттілігі туындайды. Сондықтан да Жақсылықов Әсет Егнаевичтің «Жоғары оқу орнында студенттердің программалаудан білімін бақылаудың интеллектуалдық моделін жасау және іске асыру» тақырыбындағы диссертациялық зерттеуі өзекті мәселеге арналған жұмыс деп есептеймін.

Диссертациялық зерттеудің мазмұны қойылған мақсат пен міндеттерге сәйкес құрылған. Диссертант программалаудан білімді бақылаудың қазіргі жағдайына талдау жасап, автоматтандырылған және интеллектуалдық құралдарды қолдану мүмкіндіктерін қарастырған. Теориялық талдау нәтижесінде интеллектуалдық оқу құралдарын қолдану жағдайында программалаудан білімді бақылаудың ерекшеліктері айқындалып, интеллектуалдық бақылаудың қағидалары анықталған және бағалау критерийлері нақтыланған. Осы нәтижелер негізінде студенттердің программалаудан студенттердің білімін бақылаудың интеллектуалдық моделі жасалып, бақылауды ұйымдастыру әдістері анықталған.

Ұсынылған программалаудан студенттердің білімін бақылаудың интеллектуалдық моделі эксперименттік тұрғыдан тексерілген. Эксперимент барысында алынған нәтижелер модельді программалаудан студенттердің білімін бақылауда қолдану мүмкіндігін бағалауға негіз болды. Зерттеу нәтижелерінің негізділігі мен дәйектілігі отандық және шетелдік ғылыми еңбектерді талдаумен, теориялық және эмпирикалық зерттеу әдістерін кешенді қолданумен, сондай-ақ эксперимент барысында алынған деректерді талдау нәтижелерімен қамтамасыз етілген.

Диссертациялық зерттеудің негізгі нәтижелері ғылыми жарияланымдарда көрініс тапқан. Диссертация тақырыбы бойынша 20 ғылыми еңбек жарияланған, оның ішінде 3 еңбек Scopus деректер базасында индекстелетін басылымдарда, 9 мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған

басылымдарда, 1 мақала шетелдік ғылыми журналда, 7 еңбек халықаралық ғылыми конференциялар мен конгрестер материалдарында жарияланған. Сонымен қатар зерттеу нәтижелері бойынша авторлық құқықпен қорғалатын 2 объект тіркелген. Диссертацияның негізгі нәтижелерінің ғылыми жарияланымдарда жарық көруі және бағдарламалық өнімнің әзірленуі жүргізілген зерттеу жұмысының теориялық және практикалық тұрғыдан аяқталғанын көрсетеді.

Ә.Е. Жақсылықов диссертациялық зерттеуді орындау барысында ғылыми мәселені теориялық тұрғыдан зерделеу, зерттеу нәтижелерін жүйелеу, интеллектуалдық модельді әзірлеу және оны эксперименттік тексеру жұмыстарын жүйелі жүргізгеді. Диссертант ғылыми әдебиеттермен және эксперименттік деректермен жұмыс істеуде, алынған нәтижелерді талдау мен негіздеуде зерттеушілік қабілетін көрсете білді.

Жалпы алғанда, диссертациялық зерттеудің мақсатына қол жеткізіліп, қойылған міндеттер орындалған. Алынған нәтижелер ғылыми жаңалығымен, теориялық және практикалық маңыздылығымен сипатталады. Жақсылықов Әсет Егнаевичтің «Жоғары оқу орнында студенттердің программалаудан білімін бақылаудың интеллектуалдық моделін жасау және іске асыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы аяқталған ғылыми зерттеу деп есептеп, диссертантты 6D011100–Информатика мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қорғауға ұсынуға болады.

Ғылыми кеңесші:
педагогика ғылымдарының докторы,
профессор **А.Е. Сагимбаева**